

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 590 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 245-VIII Заңымен

Ескерту. Заңның күші жойылды – ҚР 30.12.2025 № 245-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасы азаматтарының өз еркімен қатысуына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-бап. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы Қазақстан Республикасының заңдары

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Осы Заңның күші жедел-іздістіру қызметіне байланысты туындайтын, Қазақстан Республикасының заңдарымен регламенттелетін құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

2-бап. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес олардың ішкі істер органдарына ерікті түрде жәрдемдесуі арқылы жүзеге асырылады.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар өз қызметін заңдылық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу мен сақтау принциптері негізінде жүзеге асырады.

3-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысу мәселелері жөніндегі құзыреті

1. Жергілікті өкілді органдар:

1) тиісті әкімдіктер қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде ішкі істер органдарына жәрдемдесетін азаматтарды көтермелеуге қаражат бөлуге қатысты әзірлеген бюджеттік бағдарламаларды қарайды және бекітеді;

2) тиісті әкімдіктердің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссияларының қызметін бақылайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары:

1) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды тіркейді және олардың дербес есебін жүргізеді;

2) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық (облыстық маңызы бар қалалардағы қалалық) комиссияларды құрады;

3) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындайды;

3-1) азаматтарды қоғамдық тәртіпті сақтауға тарту жөнінде шаралар қолданады;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың өңірлік есебін жүргізеді;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссияларын құрады;

3) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындайды;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.11.2015 № 388-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысу мәселелері жөніндегі құзыреті

Ішкі істер органдары:

1) бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тартудың тәртібін, нысандары мен түрлерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындайды;

2) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар куәлігінің үлгісін және эмблемасының нышанын әзірлейді және бекітеді;

3) жергілікті атқарушы органдармен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар қызметінің мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

4) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

5) полицияның учаскелік пункттері базасында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды құқықтық даярлауды ұйымдастырады;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды тіркеу тәртібі

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуға ниет білдірген азамат ішкі істер органына өтініш береді, оған Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің не паспортының көшірмесін қоса береді. Азамат көрсетілген құжаттарға өмірі мен денсаулығын сақтандыру туралы куәлігінің көшірмесін қоса беруге құқылы.

2. Ішкі істер органы өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде азаматты наркологиялық, психоневрологиялық және өзге де есепке алу бойынша тексереді, одан кейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына тиісті қолдаухат беріп, оған ұсынылған құжаттардың көшірмелерін қоса тіркейді, не қабылданған шешімнің себептерін көрсете отырып, өтініш берушіге жазбаша түрде бас тартады.

3. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы келіп түскен қолдаухатты жеті жұмыс күні ішінде қарайды, азаматты тіркеуді жүргізеді және оны қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың есебіне қояды, бұл туралы ішкі істер органын жазбаша түрде хабардар етеді.

4. Кәмелеттік жасқа толмаған азаматтардың және өздеріне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан не заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар, сондай-ақ наркологиялық, психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұрған не соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуына жол берілмейді.

5. Өтінішті қабылдамай тастау бас тартуға негіз болған себептер жойылған жағдайда өтініш берушінің қайта өтініш жасауына кедергі болмайды.

6. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтың қатысуын тоқтатуға негіз болатын жағдайлар мыналар:

азаматтың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге одан әрі қатысуға ниетінің жоқтығы туралы өтініші;

қылмыстық жауапқа тартылуы;

бірнеше рет (бір жыл ішінде екі және одан да көп рет) қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуі;

қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге одан әрі қатысуын болғызбайтын мән-жайлардың басталуы (психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылық (ауру), денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес айналадағылар үшін қауіп төндіретін өзге де ауру не қайтыс болу).

7. Осы баптың 6-тармағында аталған мән-жайлар туындаған кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы тиісті ішкі істер органының ұсынымы бойынша бұл азаматты қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар есебінен шығарады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың қызметін шектеу

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың айрықша құзыретіне жатқызылған іс жүргізу қызметі мен өзге де қызметті жүзеге асыруға;

2) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өкілеттігін иеленіп алуға;

3) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі жасауға;

4) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысу кезінде куәгер болуға;

5) адам мен азаматтың ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорлайтын не азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектейтін іс-әрекеттер жасауға;

6) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысу кезінде осы Заңның 7-бабының 3) тармақшасында аталған құралдарды қоспағанда, құқық қорғау органдары қаруланатын арнаулы құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

7-бап. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың құқықтары мен міндеттері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың:

1) бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларда ішкі істер органдарына жәрдемдесуге;

2) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге;

3) құқық бұзушылықтың жолын кесу және құқық бұзушыларды ұстау мақсатында, егер аталған мақсаттарға өзге тәсілдермен қол жеткізу мүмкін болмаса, дене күшін және басқа құралдарды қолдануға құқығы бар. Бұл орайда ол үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмеуге тиіс. Әйелдерге, мүгедектік белгілері айқын адамдарға, жасы белгілі немесе анық көрініп тұрған кәмелетке толмағандарға қатысты, олар қаруланып не топтасып шабуыл (зорлық-зомбылық) жасаған жағдайларды қоспағанда, дене күшін және басқа құралдарды қолдануға тыйым салынады;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап алуға және құқық қорғау немесе өзге де мемлекеттік билік органдарына жеткізуге құқығы бар. Қажет болған жағдайда, ұстап алынған адамда қару немесе өзге де қауіпті заттар не қылмыстық іс үшін мәнді нәрселер бар деп ұйғаруға негіздер болған кезде, ұстап алынған адамның киімін тексеруге және аталған органдарға тапсыру үшін оларды алып қоюға;

5) құқыққа қарсы қол сұғушылықтан, жол-көлік оқиғаларынан, дүлей зілзалалардан және өзге төтенше жағдайлардан зардап шеккен азаматтарға медициналық және өзге де көмек көрсетуге қатысуға;

6) құқық бұзушылық, психикаға белсенді әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтыну профилактикасы жөнінде түсіндіру және құқықтық жұмысты жүзеге асыруға;

7) азаматтардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап етуге құқығы бар.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар:

- 1) азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға;
- 2) ішкі істер органдарын өздеріне мәлім болған, дайындалып жатқан не жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар фактілері туралы дереу хабардар етуге;
- 3) заңдарда көзделген жағдайларда азаматтардың талап етуі бойынша өзінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуының заңдылығын растайтын куәлігін көрсетуге;
- 4) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұстап алынған азаматтарға қолданылатын мәжбүрлеу шараларының негіздерін түсіндіруге;
- 5) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысуы алдында құқықтық дайындықтан өтуге міндетті.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Көтермелеу шаралары

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу шаралары мыналар:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйлықақы беру;
- 4) жергілікті өкілді және атқарушы органдар өз құзыреті шегінде айқындайтын өзге де шаралар.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін тиісті жергілікті атқарушы органның шешімімен құрылатын комиссия ішкі істер органының ұсынымы бойынша қарайды.

3. Комиссияның құрамына жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ азаматты көтермелеуге ұсынған ішкі істер органының өкілдері енгізіледі. Комиссия жергілікті атқарушы органдарда тіркелмеген азаматтарды да, егер олар қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге немесе оларды ашуға ықпал етсе, осы Заңда белгіленген тәртіппен көтермелеуге құқылы.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

9-бап. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК